

## Академиялық кеңес туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Академиялық кеңес туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Аурухана) Академиялық кеңесінің құзыреттері мен жұмыс тәртібін айқындайды.

2. Ереже Аурухананың Академиялық кеңесінің құрылу мақсатын, міндеттерін, функцияларын, құрылымын және қызметін жүзеге асыру тәртібін айқындайтын Аурухананың нормативтік құжаты.

3. Ереже білім беру процесіне қатысатын Аурухананың құрылымдық бөлімшелерінің орындауы үшін міндетті.

### 2. Нормативтік құжаттар

4. Осы Ереженің нормативтік құқықтық негізін келесі құжаттар құрайды:

1) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі;

2) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;

3) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

4) «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы;

5) «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы;

6) «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығы;

7) «Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығы;

8) 2021 жылғы 31 наурыздағы № 1 хаттамамен «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» ШЖҚ РМК ҒКК отырысында бекітілген Аурухананың Академиялық саясаты.

### **3. Академиялық кеңестің мақсаты, міндеттері мен функциялары**

5. Академиялық кеңес - резидентураның білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі - ББ), Аурухана базасында қосымша және бейресми білім беруді іске асыру кезінде оқу-әдістемелік қызметті басқару жөніндегі алқалы орган. Аурухананың Академиялық кеңесі ББ іске асыру сапасына және олардың әдістемелік қамтамасыз етілуіне баға береді.

6. Академиялық кеңестің міндеттері:

1) Аурухананың профессорлық-оқытушылық құрамының (бұдан әрі – ПОҚ) оқу-әдістемелік жұмысын үйлестіру;

2) Аурухана базасында білім беру қызметін әдістемелік қамтамасыз етудің сапасын бақылау мен мониторингті ұйымдастыру;

3) Аурухананың ПОҚ оқу-әдістемелік қызметі саласында академиялық адалдық қағидатын сақтауды қамтамасыз ету;

4) Аурухананың ПОҚ педагогикалық шеберлігін арттыру жөніндегі қызметті үйлестіру және дамыту.

7. Академиялық кеңестің функциялары:

1) академиялық мәселелер бойынша ішкі құжаттарды, оның ішінде Академиялық саясатты, академиялық күнтізбелерді бекіту;

2) білім беру процесінің мониторингі мен бақылауын ұйымдастыру мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

3) ББ және оқу жоспарларын қарау және бекіту;

4) оқу пәндері бойынша жұмыс бағдарламаларын (силлабустар), қолданыстағы бағдарламаларға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды қарау және бекіту;

5) білім алушыларды оқыту мен білімін бақылаудың оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдарын қарау және бекіту;

6) жоғары және орта медициналық білімі бар мамандар үшін қосымша және бейресми білім беру бағдарламаларын іске асырудың тақырыптық күнтізбелік жоспарын қарау;

7) ББ дамыту мәселелерін қарау және резидентура ББ бойынша дайындықтың жаңа бағыттарын ашу бойынша ұсыныстарды бекіту;

8) элективті пәндер каталогтарын қарап, бекіту;

9) оқу-әдістемелік әдебиеттер мен басқа да оқу-әдістемелік материалдарды басып шығаруға ұсынымдар беру;

10) ББ сапасына және Аурухананың академиялық қызметінің басқа аспектілеріне әсер ететін мәселелерді талқылап, шешу.

### **4. Академиялық кеңестің құрамы**

8. Академиялық кеңестің дербес құрамы осы Ережемен айқындалады. Академиялық кеңестің жұмысына оқу процесін ұйымдастыруға жауапты басшылар, тәжірибелі оқытушылар қатысады.

Академиялық кеңестің құрамы:

1) төраға - Аурухана директорының білім беру қызметіне жетекшілік ететін орынбасары;

2) Академиялық кеңестің мүшелері - резидентура ББ, қосымша және бейресми білім беру базалары - Аурухананың клиникалық бөлімшелерінің ПОҚ өкілдері, жұмыс берушілер мен білім алушылардан өкілдер, кәсіптік білім беру бөлімінің бастығы;

3) Академиялық кеңестің хатшысы - кәсіптік білім беру бөлімінің маманы.

9. Академиялық кеңестің төрағасы:

1) Академиялық кеңестің жұмысын ұйымдастырады;

2) Академиялық кеңестің қызметіне басшылық жасайды;

3) отырыстарды шақырады, Академиялық кеңес отырыстарының күн тәртібін айқындайды;

4) Академиялық кеңестің отырыстарында төрағалық етеді;

5) Академиялық кеңестің хаттамалары мен шешімдеріне қол қояды;

6) Аурухананың ішкі құжаттарында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

10. Академиялық кеңестің мүшелері қарастырады және шешім қабылдайды:

1) ББ мазмұнының сапасын мақұлдау туралы;

2) сенімді фактілерге негізделген ББ тиімділігі туралы, олардың еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкестік дәрежесін анықтау;

3) жоғары және орта медициналық білімі бар мамандар үшін қосымша және бейресми білім беру бағдарламаларын іске асырудың тақырыптық күнтізбелік жоспарын мақұлдау туралы;

4) ББ шеңберінде пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің сапасын мақұлдау туралы;

5) Академиялық кеңестің жұмысын жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізу туралы.

11. Академиялық кеңестің хатшысы іс қағаздарын жүргізуге жауапты:

1) өз өкілеттігі шегінде Академиялық кеңестің отырыстарында қаралатын мәселелер бойынша Аурухананың құрылымдық бөлімшелерінен қажетті ақпарат беруді талап етеді;

2) Академиялық кеңестің жұмыс жоспарының жобасын дайындайды;

3) Академиялық кеңестің төрағасына бекітуге жоспарланған күн тәртібін, отырыстың өткізілетін күні мен орнын ұсынады;

4) Академиялық кеңес мүшелерінің отырыс орны, уақыты, күн тәртібі туралы хабарлайды;

5) Академиялық кеңестің отырысына мәселелерді дайындау және шешімдер жобаларын дайындау бойынша бақылауды жүзеге асырады;

6) Академиялық кеңес отырысының хаттамасын, хаттамалардан үзінді көшірмелерді ресімдейді, Академиялық кеңес отырыстарының хаттамаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

7) Академиялық кеңестің шешімдерін оның орындаушыларына жеткізуді қамтамасыз етеді;

8) Академиялық кеңес төрағасының тапсырмасы бойынша шешімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

## 5. Академиялық кеңестің қызметін ұйымдастыру

12. Академиялық кеңес өз жұмысын білім беру қызметіне жетекшілік ететін Аурухана директорының орынбасары бекіткен тиісті күнтізбелік жылға арналған жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырады.

13. Жылдық жұмыс жоспарын қалыптастыру резидентураның ББ, Аурухананың қосымша және бейресми білімін ескере отырып және Академиялық кеңес мүшелерінің ұсыныстары негізінде жүзеге асырылады.

14. Академиялық кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі. Академиялық кеңестің отырыстары, егер оның құрамының кемінде 2/3 бөлігі қатысса, заңды деп есептеледі.

15. Академиялық кеңестің шешімдері, егер отырысқа қатысушылардың көпшілігі оларға дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

16. Академиялық кеңестің бекітуіне ұсынылатын құжаттар кәсіптік білім беру бөлімімен алдын ала келісілуі тиіс.

17. Егер, Академиялық кеңестің қарауына ұсынылатын мәселе бюджет шығыстарының ұлғаюына немесе Аурухана кірістерінің азаюына әкеп соқтырса, мұндай мәселе тиісінше Аурухана директорының жетекшілік ететін орынбасарларымен алдын ала келісуден өтеді.

## 6. Қорытынды ережелер

18. Осы Ереже Аурухананың Академиялық кеңесінің жұмысын ұйымдастырушылық қамтамасыз етудің бір бөлігі болып табылады.

19. Осы Ережеде Аурухананың Академиялық кеңесінің қызмет шеңберін реттейтін негізгі нормалар ұсынылған, олар Аурухана қызметі барысында белгіленген тәртіппен шығарылған ішкі нормативтік құжаттармен және ұйымдастырушылық-өкімдік актілермен өзгертілуі, нақтылануы немесе толықтырылуы мүмкін.